

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақындардың бірі – Жанат Әскербекқызы. Ақынның сезім қылын шертер сыршыл өлеңдері, табиғатпен, ежелгі аңыздармен біте қайнасып жатқан туындылары оқырманды елең еткізбей қоймайды. Өлеңдерін оқып, шығармашылық әлеміне бойлау жолында автордың өзімен кездесіп сұхбаттасудың сәті түсті.

Сыршыл жүрек

Ақындық өнерді адамға туғанда берілер еншісі деп білетін автор поэзия әлемін ерекше тылсым күш деп таниды. Ол осы бір өнердің тереңіне мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде бойлай бастаған.

Жанат Әскербекқызы поэзиясының бір ерекшелігі онда мифтік сарын, қазақтың көне аңыздарына бойлау бар. Ежелгі дәуір әдебиетінен бастап осы күнге дейінгі өлең-жырларымыздың ізі ақын шығармашылығында сайрап жатыр.

– Мен ескі, көне антикалық дүниелерге қатты қызығамын. Қазақта кие, қасиет деген ұғым бар. Сол киелі мекендерді өте қатты қастерлеймін. Сондай жерлерде жиі болғым келеді. Сосын біздің ұлттық дәстүр деген бар. Әжеле-ріміздің, апаларымыздың тәрбиесін көрдік. Бізде әжені апа дейді. Өз апам 66 жасында дүниеден өтіп кетті. Апамның шешесі 92 жасында өмірден озды. Ол кісі маған көп өсиет айтты. Болады, болмайды деген нәрселерін үйретті. Кішкентай кезімізден жырлардан үзінді, шешендік сөздер, тыйымдарды тыңдап өстім. Сол айтып отырған әңгімелердің бәрі миымызда, ойымызда жатталып қалды. Әдебиеттің өзінің міндеті, миссиясы – ең алдымен, эстетикалық гуманитарлық ізгілік. Ұлттық құндылық тұрғысынан мынау дұрыс, мынау теріс екен деген бірден максималды көзқарас дұрыс емес. Соны зерттеу керек сияқты.

Біздің қазақ мүлдем жоқ деп тыйым салып тастамайды ғой. Мен осы бір мәселелерді өлеңнің өзегіне сыйдырғым келеді, – дейді ақын.

Жүрегіне өлең қонған ақыннан шабыт туралы сұрамай тұра алмадық. Оның ойынша шабыт – шығармашылықтың қайнар көзі. Жанат Әскербекқызы шабытты өзі сезінген, түсінген, түйсінген, жақсы көретін, іздеп жүретін аңсар нәрселерден алатынын айтты. Тарихқа жақын қаламгер қай жаққа барса да көрмелерді, тарихи жерлерді аралауды әдетке айналдырған. Сондай сәттерде алған әсерлері өлең боп туады екен. Жанат Әскербекқызы Махамбет пен Абайдан бастап, кейін шыққан Мағжан мен Сұлтанмахмұт, эпикалық поэзияның құлагері – Илияс, “Жаңа поэзияның кереметтей бір үрдістерін жаңа заманмен қалыстырамын” деген Сәкен, оның бергі жағында Қасым, Сырбай, Жұбан бастаған қазақтың кереметтей ақындары, 1960 жылдардағы Мұқағали, Төлеген, Фариза, Сағи, Қуандық, Меңдекеш, одан кейінгі Жарасқан, Кеңшілік, Жұматай, Есенғалилардың шығармаларын сүйіп оқып, өзіне үлгі тұтанынын жеткізді. Айтуынша, қазіргі қазақ поэзиясының биігі Есенғали Раушанов поэзиясымен өлшенеді. Ұлттың тарихы да, қасіреті де, философиясы да, дәстүрі де, адамзат аңсаған барлық мұраттар да осы ақынның шығармаларынан табылады.

Ғылым мен өлеңнің тізгінін қатар ұстап жүрген қаламгер өзінің көп өлең жазатындардың қатарынан емес екенін айтты. Қазір шығарма жаза алмай қиналып жүргенін де жасырмады.

Жанат Әскербекқызы шығармашылығының тағы бір қыры – аудармалары. Аудармашы жапон поэзиясын қазақша сөйлеткен.

– Жапон халқының сонау ерте күннен, ежелгі күннен, ежелгі кездерден бастап қалыптасқан өздерінің өлең дәстүрі жоғары. Оларда танка өлеңі бес-ақ жолдан тұрады, хайку, коппу үш-ақ жолдан тұрады. Осы бес жолдық танка мен үш жолдық хайкуды мына бүкіл әлемнің микро пішіні дейді. Көрдіңіздер ме, сонда бүкіл әлемдік шындықты сол жерге сыйдыру – жапон ақындарының ерекшелігі. Жапон тілін меңгере алған жоқпын, бірақ жапон өлеңінің, жалпы халқының табиғатын білу үшін, өлеңдегі түсініксіз ұғымдарды ұғу үшін мен жапонның мифтерін көп оқыдым, сосын жапон географиясын, жапон тарихын оқыдым, сөйтіп барып біраз дайындықпен келдім. Содан кейін, рас, жапон туралы, Жапония туралы біраз мәліметтер алдым дегеннен кейін барып, қазақшаладым, қазақшалағанда жапонның өзінің әлемін, Сайгёның болмысын, жалпы жапон поэзиясының өзіндік дәстүрін сақтауға тырыстым, – дейді Жанат Әскербекқызы.

Әр ақын өз басынан өткерген, өзі сезінген күйді жырлайтыны ақиқат. Алайда шығармашыл тұлға басқа адамның басына түскен жайға да бейжай қарай алмайды. Бұл – Жанат Әскербекқызы поэзиясына тән ерекшеліктердің бірі.

**Қызғалдақ БЕРДІМҰРАТ,
Нұрсұлу БЕКМҰРЗЕВА,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың студенттері.**